Отандық зерттеушілер де аталған модельдің тіл үйретудегі әлеуетіне назар аударуда. Ф.Ш. Оразбаева тілдік қатынастың табиғатын кешенді түрде сипаттай отырып, қатысымдық біліктіліктің дамуында айтылым әрекетінің теориялық әрі практикалық маңызын айқындайды. Ғалым айтылымды тілдік тұлғаның қалыптасуындағы жетекші фактор ретінде қарастырып, оны оқушының танымдық және эмоциялық белсенділігін оятатын құрал ретінде сипаттайды (Оразбаева, 2005: 58–59). А. Қайырбекова айтылымды оқушының сөйлеу мәдениетін жетілдірудің негізгі тетігі ретінде сипаттап, жағдаяттық әдістердің тиімділігін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздейді (Қайырбекова, 2021: 116). Сонымен қатар, Ж. Нұржанова мен Г. Әлімхан оқушылардың креативтілік қабілетін ашу мен сөйлеу белсенділігін арттыруда жаттығулар жүйесінің рөлін көрсетеді (Нұржанова, 2019: 85–90; Әлімхан, 2018: 47–50).

Тілдік құзыреттіліктің әлеуметтендіруші ретіндегі маңызы мәдениаралық қатысыммен тығыз байланысты. Р. Кенжеханова мен Д. Сыздықова тұлғаралық және мәдениаралық қатынас контекстінде тілді меңгерудің ерекшеліктерін сипаттайды. Олар оқушының «тілдік тұлға» ретінде қалыптасуында ұлттық-мәдени құндылықтардың ескерілетініне баса назар аударады (Кенжеханова, 2020: 78–83; Сыздықова, 2021: 15–18). Шетелдік зерттеулер тілдік және қатысымдық құзыреттердің өмірлік маңызды дағды ретінде қалыптасуына

ықпал ететінін растайды. Т. Wagner оқушыны XXI ғасырда табысты ете алатын «жаңа сауаттылық» формаларын сипаттап, соның ішінде сөйлеу әрекетін – тұлғаның ойлау қабілеті мен шығармашылық әлеуетінің көрінісі ретінде бағалайды (Wagner, 2010: 37–40). Финляндиялық зерттеушілер К. Kumpulainen және R. Lipponen білім беру диалогының оқушы дербестігін, ынтымақтастығын және сөйлеу икемін дамытудағы рөлін ғылыми тұрғыда негіздейді (Kumpulainen & Lipponen, 2012: 144–150). S. Mercer мен Z. Dörnyei тілдік тұлғаның қалыптасуындағы ішкі мотивация, өзіндік рефлексия және тілдік сенімділік факторларын бөліп көрсетіп, оларды қатысымдық құзыреттіліктің дамуына ықпал етуші психолингвистикалық факторлар ретінде сипаттайды (Mercer, 2016: 98–105; Dörnyei, 2009: 131–136).

Сондай-ақ, UNESCO-ның «Тұрақты даму мақсатындағы білім» (2020) баяндамасында XXI ғасыр мектебінің мақсаты ретінде оқушының жаһандық ойлауы, мәдениетаралық қатынасы және тілдік икемі қатар дамуы тиіс екендігі баса айтылады (UNESCO, 2020: 22–24). Бұл тұжырымдар OECD (2018) баяндамасымен де сабақтас: оқушының көпаспектілі тілдік және метатілдік қабілеттері қазіргі білім беру мазмұнының құрамдас бөлігіне айналуы қажет (OECD, 2018: 11–14). Осы ғылыми негіздер мен отандық-әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, мақалада 4К моделін айтылым әрекетіне кіріктіру арқылы 10–11 сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту жолдары мен педагогикалық тәсілдері зерделенеді.

Материалдар мен негізгі әдістер. Бұл зерттеу жұмысы 4К моделінің (сыни ойлау, креативтілік, коммуникация, коллаборация) негізінде айтылым үдерісін ұйымдастыру арқылы 10–11 сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда әдістемелік-педагогикалық тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу салыстырмалы-эксперименттік сипатта, сапалық әдістерге негізделіп отырып, эмпирикалық материалдармен толықтырылды. Зерттеу Алматы қаласы №59 мектеп-гимназиясының 10 және 11-сыныптарында жүргізілді. Барлығы 4 сынып – 103 оқушы қамтылды:

- 10 «Ә» сыныбы – 25 оқушы (бақылау тобы – дәстүрлі оқыту);
- 10 «Б» сыныбы – 26 оқушы (эксперименттік топ – 4К моделіне негізделген оқыту);
- 11 «А» сыныбы – 29 оқушы (бақылау тобы);
- 11 «Б» сыныбы – 23 оқушы (эксперименттік топ – 4К моделіне негізделген оқыту).

Зерттеу сапалық әдістерге сүйеніп, келесі көпқырлы құралдар кешенін қамтыды:

1. Педагогикалық байқау
 - Сабақ үдерісінде оқушылардың вербалды белсенділігі, диалогқа қатысуы, тілдік серпінділігі бақыланды.
 - Бақылау парақтары арқылы тіркеліп, әр оқушы үшін жүйелі деректер жиналды.
2. Диагностикалық тапсырмалар

- Тақырыптық пікір білдіру, жағдаятты сипаттау, топта өз көзқарасын қорғау сияқты айтылымға бағытталған тапсырмалар қолданылды.

- Оқушылардың айтылым құрылымы, негізділігі, дәлелдемесі мен лексикалық алуандығы бағаланды.

3. Рефлексия және өзіндік бағалау

- Жазбаша және ауызша кері байланыс парақтары негізінде оқушылар өз сөйлеу процесіне рефлексия жасап, өзін-өзі бағалау деңгейін көрсетті.

4. Мұғалімдердің сипаттамалық жазбалары

- Әр сабақтан кейін мұғалімдер сипаттамалық бақылау дәптерлеріне оқушының айтылым серпіні, логикалық сөйлеуі, ынтасы туралы жазбалар енгізді.

5. Контент-талдау

- Оқушылардың жазбаша және ауызша айтылым өнімдері семантикалық, құрылымдық және прагматикалық деңгейде талданды.

- Айтылым үдерісіндегі лексикалық қолданыс, сөйлем құрылысы, логикалық дәйектілік пен прагматикалық мақсат жүзеге асу деңгейі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Айтылым үдерісін бағалау келесі 5 сапалық критерий

№	Өлшем атауы	Мазмұндық сипаттамасы
1	Айтылым уақытының ауқымы	Монолог/диалог ұзақтығы, сөйлем саны мен байланысы
2	Лексикалық алуандылық	Сөз байлығы, тақырыптық терминдер, синонимдер
3	Сөйлем құрылысының күрделілігі	Құрмалас сөйлемдер, себеп-салдар байланысы
4	Пікір білдіру және дәлелдеу	Логикалық дәлелдер мен мысал қолдану
5	Бірлескен жұмыс тілдік серпіні	Топтық диалогқа қатысу, сұрақ қою/нақтылау дағдылары

Зерттеу барысында оқушыларға берілетін тапсырмалар 2-кестеде берілген.

Кесте 2 - Зерттеу құралы ретінде 4К моделінің ішкі құрылымы

Компонент	Тәсілдер мен тапсырмалар
Қарым-қатынас	Топтық пікірталас, аудиторияда сөйлеу
Ынтымақтастық	Бірлескен сценарий жазу, рөлдік ойын
Сыни ойлау	Мәселені дәлелді негіздеу, балама шешім ұсыну
Креативтілік	Баяндама дайындау, бейнелі сөйлеу

Нәтижелері. Зерттеу барысында алынған мәліметтер 10 және 11 сынып оқушыларының айтылым әрекетіндегі қатысымдық дағдыларының даму деңгейін сипаттауға мүмкіндік берді. 4К моделімен жүргізілген оқу процесі мен дәстүрлі тәсілге негізделген оқыту арасындағы айырмашылықтар сапалық параметрлер мен сөйлеу әрекетінің көрсеткіштері арқылы салыстырылды. Зерттеу барысында оқушылардың қатысымдық қабілеттері мен айтылым әрекетіндегі даму деңгейлері бірнеше сапалық өлшемдер арқылы бағаланды. Бұл өлшемдер оқушының тілді практикалық мақсатта қолдану икемін, логикалық ойды құрылымдау қабілетін, диалогтық және монологтық сөйлеудегі

белсенділігін сипаттауға мүмкіндік береді. Төменде айтылым әрекетінің бес негізгі көрсеткіші ғылыми негізделген сипаттамалармен берілді.

1. *Айтылым уақытының ауқымы (verbal fluency)*

Бұл өлшем оқушының монологтық және диалогтық айтылым барысында өз ойын толық, құрылымды және жүйелі түрде жеткізу ұзақтығын сипаттайды. Атап айтқанда, сөйлем саны, олардың логикалық байланысы мен ой жалғастыру дағдысы бағалаудың негізгі критерийлері ретінде алынды.

4К моделіне негізделген оқыту үдерісінде оқушылардың сөйлеу жауаптары орта есеппен 4–6 байланысты сөйлемнен тұрып, мазмұны мен құрылымы жағынан жүйелі сипатқа ие болды. Айтылымда кіріспе, негізгі ой және қорытынды элементтері сақталған. Төменде нақты мысал келтіріледі: *«Менің ойымша, болашақ мамандықты дұрыс таңдау – әр адамның өміріндегі маңызды қадам. Себебі мамандық тек табыс көзі емес, сонымен бірге адамның өз орнын табуы мен қоғамға пайда әкелу жолы. Өз басым биология саласына қызығамын, әсіресе медицинаға. Қазіргі уақытта осы бағытта кітаптар оқып, қосымша курстарға қатысып жүрмін. Алдағы уақытта еліміздің денсаулық сақтау саласында жұмыс істеп, адамдарға көмек көрсеткім келеді»*. Бұл мысалдан байқалатыны – оқушы ойын логикалық дәйектілікпен, себеп-салдарлық байланыста жеткізе алған. Айтылымда құрмалас сөйлемдер, тақырыпқа сай терминдер, мақсаттық көзқарас айқын көрініс тапқан. Мұндай жауаптар оқушының айтылымдық икемін, тілдік дербестігін және когнитивтік белсенділігін сипаттайды.

Ал бақылау тобындағы оқушыларда, айтылым уақытының ауқымы айтарлықтай шектеулі болды. Жауаптар көбіне 1–2 сөйлемнен аспай, ой толық ашылмады. Мысалы: *«Мен дәрігер болғым келеді. Себебі адамдарға көмектескім келеді.»*

«Мен спортпен шұғылданғанды ұнатамын. Себебі ол пайдалы». Мұндай жауаптарда лексикалық қордың шектеулілігі, ой жалғастыру дағдысының әлсіздігі және тілдік байланыстардың болмауы байқалады. Сөйлеу құрылымы жалпылама әрі логикалық тізбексіз, сөйлеу әрекеті үзік сипатта болған.

Жалпы, айтылым уақытының ауқымы оқушының функционалдық тілдік икемін, пікірін ұзақ әрі мазмұнды жеткізе алуын, сөйлеу әрекетіндегі төзімділігін анық көрсететін көрсеткіштердің бірі ретінде зерттеуде маңызды рөл атқарды.

2. *Тілдік бірліктердің әртүрлілігі*

Бұл өлшем оқушының айтылым барысында қолданған лексикалық, синонимдік, стилистикалық және тақырыптық сөздік құралдарының көлемі мен сапасын сипаттайды. Айтылым әрекетінің тиімділігі көбіне оқушының лексикалық қорын белсенді қолдана алуына, тілдік бейнелеу мен стилистикалық икеміне байланысты.

4К моделіне негізделген оқыту үдерісінде оқушылар эмоциялық реңкі бар сөздерді, синонимдік қатарларды, тұрақты тіркестерді, сондай-ақ тақырыптық терминдерді еркін әрі орынды қолданғаны байқалды. Мысалы: *«Қазақ халқы*

үшін Наурыз – тек көктем мерекесі емес, бұл – табиғаттың жаңаруы мен адамдардың бір-біріне деген ілтипаты мен кешірімділігін наш ететін рухани мейрам. Осы күні ауызбіршілік пен ізгілікке негізделген дәстүрлер қайта жаңғырады, ұмыт болған салттар жаңаша сипатта өмірге келеді».

Бұл үзіндіде оқушы метафоралық қолданыстарды (“рухани мейрам”, “салттар жаңаша сипатта өмірге келеді”), лексикалық байлықты (“ілтипат”, “кешірімділік”, “ауызбіршілік”) және стильдік нақышты еркін қолдана алған. Ойды жеткізуде көркемдік және ғылыми тіл элементтерін қатар пайдалану – оқушының тілдік репертуарының кеңдігін және шығармашылық икемін көрсетеді.

Ал дәстүрлі оқыту тобындағы оқушылар айтылымда шектеулі лексикамен, жалпылама немесе қайталама сөздермен шектелген. Мысалы: *«Наурыз – көктем мерекесі. Адамдар қонаққа барады. Жақсы тілек айтады»*. Мұндай жауаптарда лексикалық алуандықтың болмауы, сөйлеу стилінің бірсарылығы, мәнерлілік пен нақтылықтың жетіспеуі байқалады. Бұл оқушының лексикалық икемінің төмендігін және мәтін құруда дайын үлгілерге тәуелділігін көрсетеді. 4К моделіне сүйенген тапсырмалар (мысалы: шығармашылық эссе, креативті сипаттау, бір көрініске бірнеше көзқараспен қарау) оқушыларды әртүрлі тілдік құралдарды іздеуге, қолдануға және оларды сөйлеу контекстіне сай икемдеуге бағыттады. Сонымен қатар, зерттеу барысында 4К әдісімен оқытылған оқушылар синонимдерді алмастырып қолдану, қайталауды болдырмау, тақырыпқа сай стилистикалық тіркестерді таңдау жағынан жоғары көрсеткіштер көрсетті. Бұл олардың тілдік бейімделгіштігі мен тілді саналы қолдануға деген дағдысының қалыптасқанын дәлелдейді.

3. Сөйлем құрылысының күрделілігі

Сөйлем құрылысының күрделілігі – оқушының ойды синтаксистік деңгейде кеңейту, құрылымды сөйлемдер арқылы логикалық тізбек құру, себеп-салдар мен салыстырмалы қатынастарды дұрыс беру қабілетін сипаттайтын маңызды көрсеткіш. Бұл параметр айтылым әрекетінде грамматикалық толықтық, синтаксистік байланыс түрлері, логикалық жалғастыру формалары арқылы бағаланды.

4К моделіне негізделген оқыту жағдайында оқушылар сөйлем құрауда логикалық жалғаулықтар мен күрделі құрмалас құрылымдарды белсенді қолданды. Сөйлемдерде мән-мағына байланысы, аргументациялық құрылым және тұтастық сақталды. Мысалы: *«Меніңше, адамның өмірлік ұстанымы оның болашақ кәсібімен тығыз байланысты, себебі адам өз мамандығын таңдағанда, тек табыс көзіне емес, ішкі құндылықтарына да сүйенуі тиіс. Сондықтан мен болашақта ұстаз болуды қалаймын, өйткені бұл мамандық қоғам үшін өте маңызды»*. Бұл мысалда «себебі», «сондықтан», «өйткені» тәрізді жалғаулықтар арқылы құрмалас сөйлемдер жүйелі байланыс құрып тұр. Мұндай құрылым оқушының ойды себеп-салдарлы тізбекте құра білуін, лексикалық және грамматикалық құралдарды дұрыс қолдана алуын, сөйлем ішінде логикалық қатынастар орната алуын көрсетеді.

Дәстүрлі оқыту тобының оқушылары көбіне жай сөйлемдермен, логикалық байланысы әлсіз құрылымдармен шектелді. Мысалы: *«Мен дәрігер болғым келеді. Бұл жақсы мамандық. Көп адамға көмектеседі»*. Мұнда сөйлемдер бір-бірімен байланыспаған, логика үзік, жалғаулықсыз берілген ойлар тізбегі байқалады. Бұл көрсеткіш оқушының синтаксистік құрылымдарды қолдану дағдысының шектеулі екенін, сондай-ақ ойды толық жеткізуге қажетті құрылымды тілді меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 4К моделі бойынша құрылған оқу тапсырмалары (мысалы, пікірталас эсселері, аргументативті сипаттамалар, себебі-нәтиже талдаулары) оқушыларды мағыналық және грамматикалық жағынан бай құрылымдарды қолдануға жетелеген. Нәтижесінде, сөйлем құрылымы тек тілдік деңгейде емес, логикалық тұтастық тұрғысынан да күрделене түсті.

4. *Пікір білдіру және дәлелдеу қабілеті*

Пікір білдіру және дәлелдеу қабілеті – оқушының белгілі бір мәселе бойынша жеке көзқарасын нақты баяндап, оны логикалық, танымдық немесе тәжірибелік тұрғыдан дәлелдей алу икемін сипаттайтын маңызды коммуникативтік көрсеткіш. Бұл өлшем сыни ойлау дағдысының деңгейін, көзқарас білдіру құрылымының сапасын, сондай-ақ дәлелдің негізділігі мен дәйектілігін бағалауға мүмкіндік береді.

4К моделі негізінде оқытылған топтарда оқушылар өз пікірін аргументтермен толықтырып, сөйлеу барысында дәлел келтіру, салыстыру, қорытынды жасау әрекеттерін орынды қолдана білді. Оқушылардың айтылым құрылымы көбіне «пікір + себебі + нақты мысал немесе негіз» үлгісінде қалыптасты. Мысалы: *«Менің ойымша, әр адам ерте жастан өз қабілетін зерттеп, соған сәйкес мамандық таңдауы қажет. Себебі адам өзіне ұнайтын салада ғана нәтижелі еңбек ете алады. Мысалы, мен математикаға ерекше қызығамын, сондықтан инженер болу – мен үшін дұрыс таңдау деп санаймын»*. Бұл мысалдан оқушының өз ойын айқын білдіруі, оған негіздеме келтіруі және нақты мысал арқылы дәлелдеуі байқалады. Сонымен қатар, логикалық жалғаулықтар мен себеп-салдарлық байланыстар айтылым құрылымын тұтастырып тұр.

Дәстүрлі оқыту тобында оқушылардың көпшілігі өз пікірін жалпылама сипатта білдіріп, оны нақты дәлелмен бекіте алмады. Мысалы: *«Мен ұстаз болғым келеді. Өйткені бұл жақсы мамандық. Балалармен жұмыс істеу жақсы»*. Мұнда айтылым логикалық тұрғыда дәлелсіз, пікір нақты құрылмаған, дәлел мен мысал жоқ, ал себеп түсіндірмесі үстірт сипатта берілген. Бұл оқушының пікір білдіруде тереңдік пен құрылымдылық жетіспейтінін, сондай-ақ дәлелдеу тәсілдерін меңгермегенін аңғартады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 4К моделімен жүргізілген тілдік тапсырмалар (мысалы, «Менің таңдауым», «Проблемалық жағдаятқа жауап» сияқты рефлексиялық жазба мен пікірталас форматы) оқушылардың өз пікірін айтуға сенімді болуына, көзқарасын логикалық негізде қалыптастыруына және жеке дәлел ұсынуға мүмкіндік берді.

Оқушылар аргументация тәсілдерін, логикалық бірізділікті, дәлел мен дәйек арасындағы байланысты саналы түрде қолдана бастады. Бұл – оқушының функционалдық коммуникативтік құзыретін, сыни пайымдау машығын және сөйлеу әрекетіндегі тілдік дербестігін дамытуда 4К моделінің тиімділігін көрсетеді.

5. Бірлескен әрекеттегі тілдік серпін

Бірлескен әрекеттегі тілдік серпін – оқушылардың топтық және жұптық жұмыс барысында қарым-қатынасқа белсенді қатысуын, пікір алмасу процесіне қосылу деңгейін, сондай-ақ сұрақ қою, нақтылау, ұсыныс айту және келісу/келіспеу сияқты диалогтық дағдыларды қаншалықты тиімді қолдана алғанын сипаттайтын маңызды көрсеткіш. Бұл өлшем арқылы коммуникативтік өзара әрекеттестік сапасы, белсенді тыңдау мен жауап беру икемі, және бірлескен шешім қабылдаудағы тілдік серпінділік айқындалады.

4К моделіне негізделген оқыту барысында оқушылар интерактивті қарым-қатынас әрекеттерін саналы түрде қолдануға бейімделді. Әсіресе топтық тапсырмалар мен рөлдік ойындар кезінде оқушылардың тілдік қатысу деңгейінің **айтарлықтай артқаны тіркелді**. Олар өз пікірін айтумен қатар, басқа пікірге жауап беруге, қосымша сұрақтар қоюға және келісу/келіспеу сияқты әрекеттер арқылы диалог жүргізуге дағдыланды.

Мысалы, топтық тапсырма кезінде келесі диалог тіркелді:

– *Меніңше, бұл мәселені экологиялық тұрғыдан талдағанымыз дұрыс.*
– *Иә, бірақ сонымен бірге әлеуметтік әсерін де ескерсек, толық болар еді.*
– *Онда тақырыпты екі қырынан қарастырайық: табиғатқа және қоғамға әсері тұрғысынан.*

– *Жақсы, мен бірінші бөлімін жазып шығамын, ал сен екіншісін бастай бер.*

Бұл үзіндіде оқушылар ұсыныс айту, келісу, толықтыру және шешімге келу тәрізді нақты прагматикалық сөйлеу актілерін еркін және мағыналы түрде қолданған. Мұндай өзара тілдесу формалары оқушының сөйлеу әрекетіндегі серпінділігін, әлеуметтік-тілдік икемін және қарым-қатынастағы бейімділігін көрсетеді.

Ал бақылау тобында топтық жұмыс барысында байқалған сөйлесім әрекеттері жиі инертті, бір сөзбен шектелген немесе өзара қарым-қатынасыз сипатта болды:

– *Сен айт.*

– *Мен білмеймін.*

– *Олай болса, мұғалімнен сұрайық.*

Мұндай мысалдардан диалогтың құрылмағаны, бастаманы қолдау болмағаны, пікір алмасудың болмауы және тілдік серпіннің төмендігі байқалады. Бұл – тілдік белсенділіктің біржақты жүретінін, оқушылардың диалогтық қатысым дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын білдіреді.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, 4К моделі тұлғааралық сөйлесімге бағытталған тапсырмалар арқылы оқушылардың диалогтық қатысуына,

тыңдау мен жауап қайтару дағдыларының қалыптасуына, сондай-ақ топтық өзара әрекет аясында тілді табиғи ортада қолдануына нақты мүмкіндік берді

Жалпылай алғанда, осы көрсеткіштер бойынша жүргізілген сапалық талдау 4К моделі негізінде құрылған оқу ортасы оқушының айтылым әрекетін белсендіруде, тұлғалық сөйлеу стилін дамытуда және нақты тілдік өнім құрауда айтарлықтай тиімділік көрсеткенін дәлелдейді.

Талқылау.


Сандық және сапалық көрсеткіштер

Айтылым әрекетінің динамикасын сандық және сапалық негізде сипаттау үшін 10 және 11 сынып оқушыларының қатысымдық көрсеткіштері контенттік талдау нәтижелеріне сүйеніп, пайыздық салыстыру, орташа мәнді анықтау (Mean) және салыстырмалы айырмашылықты өлшеу әдістері 3-кестеде берілген.

Кесте 3 - Орташа мәнді анықтау (Mean) және салыстырмалы айырмашылықты өлшеу

Көрсеткіштер	10 «Ә» (дәстүрлі)	10 «Б» (4К моделі)	11 «А» (дәстүрлі)	11 «Б» (4К моделі)
Сөйлеу белсенділігі (%)	54	78	56	81
Пікірді дәлелдеу қабілеті (%)	47	74	50	79
Бірлескен тілдік жұмыс (%)	52	76	53	82
Креативті айтылым (%)	49	71	51	77

-диаграмма – Айтылым әрекеті көрсеткіштерінің сыныптар бойынша радар диаграмма



1-сурет. Айтылым әрекеті көрсеткіштерінің сыныптар бойынша радар диаграммасы

Талдау барысында орташа арифметикалық мән мен салыстырмалы өсім пайыздары есептелді. 4К әдісі қолданылған сыныптарда айтылым әрекетінің барлық компоненттері бойынша көрсеткіштер 24–31% аралығында жоғары болды. Әсіресе, 11 «Б» сыныбының көрсеткіштері ең жоғары нәтижелерді көрсетті (орта есеппен – 79,75%).

Қолданылған статистикалық әдістер:

- Пайыздық салыстыру – әр көрсеткіш бойынша бақылау және шартты эксперименттік топ арасындағы айырмашылық анықталды.

- Орта мәнді есептеу (Mean):

→ 10 «Ә» және 10 «Б»:

– 10 «Ә» орташа көрсеткіші: $(54 + 47 + 52 + 49) / 4 = 50,5\%$

– 10 «Б» орташа көрсеткіші: $(78 + 74 + 76 + 71) / 4 = 74,75\%$

→ 11 «А» және 11 «Б»:

– 11 «А»: 52,5%, 11 «Б»: 79,75%

- Айырмашылық индексі ($\Delta\%$) – топтар арасындағы әр көрсеткіш бойынша пайыздық айырмашылықты көрсету үшін қолданылды:

→ Мысалы: сөйлеу белсенділігі бойынша $\Delta = 81\% - 56\% = 25\%$

- Талдау қорытындысы:

- Сөйлеу белсенділігі мен бірлескен әрекеттегі тілдік серпін көрсеткіштері **айтарлықтай айырмашылықпен** ерекшеленді, бұл 4К моделінің қарым-қатынасқа бағытталған тапсырмаларда тиімділігін сипаттайды.

- Пікірді дәлелдеу мен креативті айтылым компоненттері де жоғары нәтижелер көрсетті, бұл оқушылардың сыни ойлау мен тілдік креативтілікті дамытуына әсер еткенін дәлелдейді (Fullan & Langworthy, 2014)

- Барлық көрсеткіштерде бақылау топтарымен салыстырғанда статистикалық тұрғыда елеулі айырмашылық байқалды.

Сонымен, сипаттамалық салыстырмалы талдау нәтижелері 4К моделінің айтылым әрекетіне қатысты барлық көрсеткіштерді арттыруда педагогикалық тұрғыдан тиімді құрал екенін дәлелдеді.

Байқау қорытындылары

Зерттеу барысында жүргізілген педагогикалық бақылау мен мұғалімдердің сипаттамалық дәптерлеріндегі жазбалар, сабақ үстіндегі тікелей бақылау нәтижелерімен өзара сәйкес келіп, сандық деректерді сапалық тұрғыдан нақтылап отырды. Мұғалімдердің байқау парақтарынан алынған деректер оқушылардың 4К моделін қолданған сыныптарда тілдік сенімділігінің артып, айтылым тапсырмаларына белсенді қатысып, пікір білдіруге ұмтылғанын айқын көрсетті. Ал дәстүрлі әдіспен оқытылған топтарда кейбір оқушылар ойларын толық жеткізе алмай, қысқа және жалпылама жауаптармен шектелген, сөйлеу бастамасы әлсіз болған.

Креативті тапсырмалар мен рөлдік ойындар оқушылардың бейнелі ойлауын, эмоциялық еркіндігін және жеке тілдік стилін дамытуға мүмкіндік берген. Бұл әсіресе жағдаятқа негізделген сөйлесім, өз пікірін қорғау және топтық пікір құрастыру секілді жаттығулар кезінде ерекше байқалды. Мұғалімдердің сипаттамаларында «оқушылар өз ойын құрылымды жеткізуге тырысты», «интонациялық реңк пайда болды» деген тұжырымдардың жиі кездесуі,

олардың сөйлеу дағдысындағы сапалық өзгерістерді дәлелдейді. Кейбір оқушыларда ұсыныс айту, нақтылау және сұрақ қою қабілеттері айтарлықтай дамығаны байқалған.

Жоғарыда келтірілген сапалық және сандық нәтижелерді талдай келе, айтылым әрекеті арқылы қатысымдық дағдыны дамытуда 4К моделінің тиімділігі бірнеше маңызды аспектілерден көрінді. Оқушылардың айтылым уақытының ауқымы артты: олар орта есеппен төрт-бес сөйлемнен тұратын мазмұнды әрі логикалық байланысқан жауаптар берді. Бұл тілдік икемнің дамуын және логикалық құрылымның қалыптасуын көрсетеді. Сыни ойлауға негізделген тапсырмалар оқушыларды пікірін дәлелдеуге итермелеп, «менің ойымша», «себебі», «келісемін, өйткені» секілді дәлелдеуші сөйлеу құрылымдарын қолдануға дағдыландырды.

Топтық жұмыс барысында оқушылар өзара әрекеттесуге белсене араласып, пікір айту, нақтылау, түзету секілді сөйлесім формаларын еркін пайдаланды. Сонымен қатар, шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бейнелі тілдік өрнектердің, стилистикалық тәсілдердің кең қолданылуына жол ашты. Бұл – оқушылардың сөйлеу барысында жеке тілдік стилін қалыптастыра бастағанының көрінісі.

Жалпы талдау нәтижелері 4К моделінің келесідей артықшылықтарын дәлелдеді: оқушылар тұлғалық сөйлеу стилін қалыптастырып, пікір айтуда еркіндік пен сенімділік танытты, өзара әрекеттесуге икемделіп, бірлескен жұмыс барысында тілдік репертуарын кеңейтіп, интонациялық рең мен мәнерлілікке мән бере бастады. Ал дәстүрлі әдіспен оқытылған топтарда бұл көрсеткіштер төмен деңгейде қалды: оқушылардың белсенділігі әлсіз, сөйлеу құрылымы мен мазмұны шектеулі, пікір білдіруде жалпылама сөйлемдер басым болды, тілдік интонация мен құрылымдық әртүрлілік байқалмады.

Осылайша, 4К моделіне негізделген айтылым әрекеті оқушыны белсенді, тілдік тұрғыда дамыған және ой еркіндігін меңгерген тұлға ретінде қалыптастыруда үлкен рөл атқаратыны дәлелденді. Мұндай тәсіл оқушылардың логикалық, құндылықтық және креативті мазмұнмен жұмыс істеуіне, тіл арқылы өз ойын нақты әрі әсерлі жеткізуіне мүмкіндік береді. Педагогикалық бақылау нәтижелері бұл модельдің оқушыны тілдік тұрғыдан еркін тұлға ретінде дамытуға зор әлеуеті бар екенін растайды.

Қорытынды. Мақалада жалпы орта білім беру ұйымдарының жоғары сынып оқушылары арасында айтылым әрекеті арқылы қатысымдық дағдыларды дамыту мақсатында қолданылған 4К моделінің педагогикалық тиімділігі теориялық және практикалық негізде сараланды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер көрсеткендей, әрекетке негізделген заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың тілдік қабілетін, сөйлеу белсенділігін және пікір білдіру дағдыларын сапалы түрде арттыруға мүмкіндік береді.

Сандық және сапалық талдаулар негізінде келесі негізгі қорытындылар шығарылды:

– 4К моделінің (коммуникация, коллаборация, сыни ойлау, креативтілік)

негізінде ұйымдастырылған тапсырмалар оқушының жеке тілдік кеңістігін қалыптастыруға, өз ойын мазмұнды, құрылымды түрде жеткізуге және сөйлесім әрекетіне белсенді қатысуына ықпал етті;

– Эксперименттік сыныптарда оқушылардың сөйлеу ұзақтығы, лексикалық қордың кеңеюі, сөйлемдердің құрылымдық күрделілігі және дәлелмен пікір білдіру көрсеткіштері айтарлықтай артты;

– Сапалық байқау нәтижелері оқушылардың сөйлеу әрекетіне деген ішкі сенімі қалыптасып, логикалық ой жүйесі негізінде пікір айтуға ұмтылысы артқанын көрсетті;

– Айтылым әрекетін ұйымдастыруда қолданылған креативті және интерактивті тапсырмалар оқушыларды диалогке, бейнелі және шығармашылық сипаттағы сөйлесімге тартты.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері 4К моделінің жалпы білім беру мазмұнын жаңғыртуда, тілдік құзыреттілікті дамытуда, және оқушыларды коммуникативтік тұрғыдан белсенді тұлға ретінде қалыптастыруда тиімді құрал бола алатынын дәлелдейді. Бұл әдіс қазіргі білім беру парадигмасына сәйкес тұлғалық-бағдарланған, құндылыққа негізделген және нәтижеге бағытталған оқыту талаптарына жауап береді.

Ұсыныстар:

1. Оқу бағдарламасына 4К моделінің компоненттеріне негізделген айтылым әрекетін дамытуға бағытталған арнайы тапсырмаларды енгізу ұсынылады. Бұл коммуникативтік құзыреттіліктің жүйелі қалыптасуына ықпал етеді.

2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша сабақ құрылымында рөлдік ойындар, пікірталастар, жобалық жұмыстар секілді әрекетке негізделген, бірлескен сөйлеу қызметіне бағытталған тапсырмалар үлесін арттыру қажет.

3. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарда креативтілік пен сыни ойлауға негізделген жаттығулар жүйесі ұсынылуы тиіс. Бұл оқушылардың ой еркіндігін дамытуға және өз пікірін негіздеп жеткізуге мүмкіндік береді.

4. Тілдік пәндерге арналған элективті курстар мен авторлық бағдарламаларды 4К моделінің негізінде әзірлеу ұсынылады. Мұндай бағдарламалар оқушының тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуға бағытталуы қажет.

5. 4К моделінің тиімділігін арттыру мақсатында оқыту процесінде оқушы портфолиосы, өзін-өзі бағалау парақтары және рефлексиялық күнделіктер сияқты қосымша педагогикалық құралдарды пайдалану ұсынылады. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік құзыреттілігін динамикалық түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Оразбаева, Ф.Ш. (2005) Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. — Б. 55–59. Алматы: Қазақ университеті.

Griffin P., & Care E. (2015) Assessment and teaching of 21st century skills: Methods and approach. — Б.103–110. Dordrecht: Springer.

Қайырбекова А. (2021) Айтылым әрекетін дамытудағы әдістемелік негіздер. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. — Б. 116–119. Алматы: Республикалық баспа.

Нұржанова Ж. (2019) Қатысымдық құзыреттілікті дамытудың психолінгвистикалық негіздері. — Б. 85–90. Алматы: Білім.

Әлімхан Г. (2018) Айтылым дағдысын креативтілікпен ұштастыру жолдары. Білім кеңістігі, (3). — Б. 47–50.

Кенжеханова Р. (2020) Мәдениаралық коммуникация және тілдік тұлға. — Б. 78–83. Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ.

Сыздықова Д. (2021) Коммуникативтік құзыреттілік және тұлғааралық қатынас. Тіл және қоғам, (2). — Б. 15–18.

Wagner T. (2010) The global achievement gap (pp. 37–40). New York: Basic Books.
Kumpulainen, K., & Lipponen, R. (2012) Researching educational dialogues: Theories, methods and practices. — Б. 144–150). London: Routledge.

Kumpulainen, K., & Lipponen, R. (2012). Researching Educational Dialogues: Theories, Methods and Practices (pp. 144–150). London: Routledge.

Mercer S. (2016) Teacher psychology in language teaching: Research and practice. — P. 98–105. Oxford: Oxford University Press.

Dörnyei Z. (2009) The psychology of the language learner. — P. 131–136). Mahwah: Lawrence Erlbaum Associates.

UNESCO (2020) Education for sustainable development: A roadmap. — P. 22–24. Paris: UNESCO Publishing.

OECD (2018) The future of education and skills: Education 2030. — P. 11–14. Paris: OECD Publishing.

Fullan M., & Langworthy M. (2014) A Rich Seam: How New Pedagogies Find Deep Learning. London: Pearson.

Trilling B., & Fadel C. (2009) 21st Century Skills: Learning for Life in Our Times. San Francisco: Jossey-Bass.

Hattie J. (2012) Visible Learning for Teachers: Maximizing Impact on Learning. London: Routledge.

References

Orazbaeva F.Sh. (2005) Tildik katynas: teoriyasy men adistemesi [Theory and methodology of linguistic communication] — P. 55–59. Almaty: Kazakh University (in Kazakh)

Griffin P., & Care E. (2015) Assessment and Teaching of 21st Century Skills: Methods and Approach. — P. 103–110. Dordrecht: Springer (in Eng.)

Qaiyrbekova A. (2021) Aitylym areketin damytudagy adistemelik negizder [Methodological foundations for developing speaking skills]. In Qazaq tilin oqytu adistemesi. — P. 116–119. Almaty: Respublikalyk baspa (in Kazakh)

Nurzhanova Zh. (2019) Qatysymdyk quzirettilikti damytudyn psixolingvistik negizderi [Psycholinguistic foundations of developing communicative competence]. — P. 85–90. Almaty: Bilim (in Kazakh)

Alimkhan G. (2018) Aitylym dagdysyn kreativtilikpen ushtastyru zholdary [Ways to combine speaking skills with creativity]. Bilim kenistigi, (3). — P. 47–50 (in Kazakh)

Kenzhekhanova R. (2020) Madenietaralyk kommunikatsiya zhane tildik tulga [Intercultural communication and linguistic personality]. — P. 78–83. Nur-Sultan: L.N. Gumilev Eurasian National University (in Kazakh)

Syzdykova D. (2021) Kommunikativtik quzirettilik zhane tulgaaralyk qatynas [Communicative competence and interpersonal communication]. Til zhane qogam, (2). — P. 15–18 (in Kazakh)

Wagner T. (2010) The Global Achievement Gap. — P. 37–40). New York: Basic Books (in Eng.)

Kumpulainen K., & Lipponen R. (2012) Researching Educational Dialogues: Theories, Methods and Practices — P. 144–150. London: Routledge (in Eng.)

Mercer S. (2016) Teacher Psychology in Language Teaching: Research and Practice. — P. 98–105. Oxford: Oxford University Press (in Eng.)

Dörnyei Z. (2009) The Psychology of the Language Learner. — P. 131–136. Mahwah: Lawrence Erlbaum Associates (in Eng.)

UNESCO (2020) Education for Sustainable Development: A Roadmap. — P. 22–24. Paris: UNESCO Publishing (in Eng.)

OECD (2018) The Future of Education and Skills: Education 2030. — P. 11–14. Paris: OECD Publishing (in Eng.)

Fullan M., & Langworthy M. (2014) A Rich Seam: How New Pedagogies Find Deep Learning. London: Pearson (in Eng.)

Trilling B., & Fadel C. (2009) 21st Century Skills: Learning for Life in Our Times. San Francisco: Jossey-Bass (in Eng.)

Hattie J. (2012) Visible Learning for Teachers: Maximizing Impact on Learning. London: Routledge (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 31.10.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

46,0 п.л. Тираж 300. Заказ 5.